

¹М.Қ. Нұрмаханова , ²Л.Ж. Мұсалы ,

¹Алматы энергетика және байланыс университетінің доценті, ф. ғ. к.,

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к.,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nurmaxanova.marzhan@mail.ru, mj_laila@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 50-60 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ (белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың жазбалары бойынша)

Аңдатпа. Мақала белгілі сыншы Қ. Нұрмахановтың жазбаларына сүйене отырып Қазақстанның балалар әдебиетінің XX ғасырдың 50–60 жылдардағы шығармаларын талдауға арналған. Жас ақындар мен жазушылардың шығармаларын талдай келе, сыншы жас жазушы кадрлармен жұмыс жасаудағы сабақтастыққа, олардың идеялық және шығармашылық өсуіне баса назар аударады, өйткені оларды қазақ әдебиетінің келешек қоры ретінде таниды. Сыншы туған әдебиетінің жаңа талантты шығармашылық күштермен үнемі толығып отыруын қолдайды, онсыз әдебиет ойдағыдай дами алмайды. Қ. Нұрмаханов сол кезең үшін маңызы бар жаңашылдық мәселесін көтеріп, жастарды белгілі бір дәрежеде дәстүрлерден арылуға және жаңа белестерге жетуге шақырды. Ол жас авторларды типтендіру, жинақтау әдістерін үйренуге шақырады, сонымен қатар қазақ поэзиясы мен прозасының ең жақсы үлгілерінен үйренуге кеңес береді. Қазақстандағы балалар әдебиетінің белгілі бір жетістіктерін атап өткен Қ. Нұрмаханов оның бірқатар кемшіліктерін қынжыла отырып көрсетеді.

Мақалада сыншыны өткен ғасырдың 50–60 жылдарындағы әдеби үдерістің жетекші тұлғаларының бірі ретінде сипаттайтын шығармашылық жұмысының кең ауқымы көрсетілген. Оның сыни туындылары тез арада шешілуін күтіп тұрған көкейкесті мәселелерге негізделген.

Түйін сөздер: балалар әдебиеті, философиялық-эстетикалық концепция, әдебиеттің жас буыны, әдеби құбылыс, шығармашылық өсу, сабақтастық, даралық.

¹M.K. Nurmahanova, ²L.Zh. Mussaly,

¹Candidate of Philological Sciences, A/Professor of Almaty University of Energy and Communications,

²Candidate of Philological Sciences, A/Professor of Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nurmaxanova.marzhan@mail.ru, mj_laila@mail.ru

Children's literature of kazakhstan 50-60gg. XX century (based on the materials of the famous critic Kalzhan Nurmakhanov)

Abstract. The article is devoted to the analysis of works of children's literature of Kazakhstan 50-60gg. the twentieth century by the famous critic K. Nurmakhanov. Analyzing the work of young poets and writers, the critic emphasizes the continuity in working with young writers, their ideological and creative growth, since they are a reserve of Kazakh literature. The critic takes care of the continuous replenishment of his native literature with fresh talented creative forces, without which, as you know, literature cannot develop successfully. K. Nurmakhanov raises the question of innovation, which is significant for that era, urging young people to overcome traditions to a certain extent and to reach new frontiers.

He encourages young authors to learn typing, generalizations, and also advises learning from the best examples of Kazakh poetry and prose. Noting certain successes achieved by children's literature in Kazakhstan, K. Nurmakhanov bitterly notes a number of its shortcomings. The article demonstrates the scope of the critic's creative work, which characterizes him as one of the leading figures in the Kazakh literary process of the 50-60s of the last century. His critical works are imbued with pathos of urgent problems awaiting their immediate solution.

Key words: children's literature, philosophical-aesthetic concept, literary growth, literary phenomenon, creative growth, continuity, individuality.

¹М.К. Нурмаханова, ²Л.Ж. Мусалы,

¹к. ф. н. доцент Алматинского университета энергетики и связи,
²к. ф. н. доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nurmahanova.marzhan@mail.ru, mj_laila@mail.ru

**Детская литература Казахстана 50-60 гг. XX века
(по материалам известного критика Калжана Нурмаханова)**

Аннотация. Статья посвящена анализу произведений детской литературы Казахстана 50-60 гг. XX века известным критиком К. Нурмахановым. Исследуя творчество молодых поэтов и писателей, критик подчеркивает преемственность в работе с молодыми писательскими кадрами, их идейный и творческий рост, так как они являются резервом казахской литературы. К. Нурмаханов заботится о непрерывном пополнении родной литературы свежими талантливыми творческими силами, без чего, как известно, литература не может успешно развиваться. Поднимает критик и знаковый для той эпохи вопрос о новаторстве, призывая именно молодежь к преодолению в какой-то мере традиций, к выходу на новые рубежи. Он призывает молодых авторов научиться типизации, обобщениям, а также советует учиться на лучших образцах казахской поэзии и прозы. Отмечая определенные успехи, достигнутые детской литературой в Казахстане, Калжан Нурмаханов с горечью отмечает и о ряде ее недостатков.

В статье демонстрируются масштабы творческой работы критика, которые характеризуют его как одну из ведущих фигур казахского литературного процесса 50-60-х годов прошлого столетия. Его критические труды проникнуты пафосом актуальных проблем, ждущих своего незамедлительного решения.

Ключевые слова: детская литература, философско-эстетическая концепция, литературная поросль, литературное явление, творческий рост, преемственность, индивидуальность.

Кіріспе

Қазіргі заманғы сыншылар мен әдебиеттанушылар қандай да бір жекелеген мәселелерді бір бағытта қарастыруға маманданған. Әдеби құбылыстың ерекшелігін тауып-тану үшін оны кең өнертанушылық контексте алып қарастырған жөн. Классикалық және заманауи сынның ерекшелігі өңделген және жүйеленген ақпараттың көптігімен ғана емес, ең алдымен, эксклюзивті философиялық-эстетикалық концепцияның болуымен анықталады. Классикалық және заманауи сынның кәсіби сапасы өнердің сан алуан құбылыстарын кең әрі терең қамтуынан, біздің рухани өміріміздің жалпы үдерісіне терең бойлауынан көрінеді. Қазіргі заманның көркемдік әлемінің күрделілігі дәуірдің рухани және әлеуметтік өмірінің түрлі мәселелеріне ерекше мұқият қарауды талап етіп отыр. Сын адамның рухани өмірінің елеулі кезеңдері туралы өз пайымдауын жасап, жас оқырмандардың ішкі әлемінің қалыптасуына белсендірек араласуы тиіс.

Әдеби сында бағалау, талдау және жалпылау әдістерінің арақатысын сақтау мәселесінің әдістемелік маңызы зор. Қандай да бір құбылысты бағалау – сынның басты қыры, онсыз ол өзінің негізгі педагогикалық қызметін орындай алмайды. Көп жандар мұны сынның мақсаты ретінде ғана көреді. Алайда, сыншы белгілі бір

шығарманы бағалаумен қатар, тұтас қоғамның өмірі мен эстетикалық тәжірибесін байытуға міндетті, сын замандастарының рухани әлемін кеңейтіп, тереңдетуі керек. Ол қазіргі өмір мен ағымдағы көркемдік үдерістің динамикалық және түзетуші тұжырымдамаларын жасауды мақсат етеді.

Талдау

Сондықтан да «әдебиеттің жас буыны»–жас жазушылармен жас оқырмандар мәселесі Қалжан Нұрмахановтың ерекше қызығушылығын тудырды. Сыншы «Қазақ балалар әдебиеті туралы ескертпелер» атты жарияланбаған мақаласында: «Кеңес жазушыларының бірінші съезінде кеңес әдебиетінің жалпы мәселелерімен қатар «кішкентайларға арналған үлкен әдебиет» құру туралы мәселе көтерілді. Өкінішке орай, Қазақстанда «кішкентайларға арналған үлкендер әдебиеті» өте баяу дамуда» – деп өз тұсындағы тағы бір әдеби мәселені көтереді. Балаларға арналған Қазақстан жазушыларының шығармалары некен саяқ. Балалар әдебиетінің ерекшелігі балалар кітабында не айтылғанында емес, бұл кітапта адам өміріндегі маңызды нәрселер туралы қалай айтылғандығында болады. «ересектерге арналған заттар балалар үшін тура сондай зат, тек баяндалған нәрсе олардың түсінігіне сай болуы керек, бұл ба-

лалар әдебиетінің ерекшелігінің маңызды себептерінің бірі» (Нұрмаханов, 1962: 3) деп жазған В.Г. Белинскиймен келісуіміз керек. Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар» хикаясы туралы жарияланбаған мақаласында (пікір) Қ.Нұрмаханов балалар әдебиеті туралы әңгімесін әрі қарай жалғастыра отырып, балаларға арналған шығармалардың тақырыбы әр алуан және кең екендігіне қарамастан, біздің заманымыздың өзекті және маңызды тақырыптары Қазақстанда баяу әрі шектеулі түрде қалып, дамымай отырғанын атап өтті. Балалар әдебиетінде төңкеріске дейінгі Қазақстандағы балалар өмірі және екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ балаларының өмірі қарастырылмаған.

Балалар әдебиетінде ғылыми-техникалық тақырып дамымаған. Ғылыми-фантастика жанры – қазақ балалар әдебиетінің ең бір артта қалған бөлімі. «Жасөспірім оқырмандар республика жазушыларына үлкен талап қойып отыр. Балалар өздерінің туған республикаларының қаншалықты бай екенін, бауырлас халықтардың оқушылары қалай өмір сүріп, оқитындарын білгісі келеді. Кішкентай оқырмандарды туған өлкесінің өткені, бүгінгі мен болашағы қызықтырады. Республиканың жетекші жазушылары біздің оқушыларымыздың өмірі мен оқуы туралы ештеңе жазбайды, олардың «кітап жазамыз» деп балаларға бірнеше рет берген уәделері орындалмай келеді» (Нұрмаханов, 1962: 7). Қазақстандағы балалар әдебиетінің жағдайы нашарлығына қынжыла отырып, Қ. Нұрмаханов дегенмен де республикада танымал балаларға арналған көптеген кітаптардың авторы, жас жазушы Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар» әңгімесін мысал етіп келтіреді. «Алғашқы айлар» романында М. Иманжанов ауыл жастарының білім алуы туралы, ауыл мұғалімдерінің педагогикалық қызметі, адал еңбектері туралы әңгімелейді. М. Иманжанов мектеп оқушыларына политехникалық білім беру мәселесін көтереді. Шынайы ұлт патриоты Қ. Нұрмаханов үшін мұндай тақырып ерекше маңызды, оның тәрбиелік және әлеуметтік мәні жоғары болып көрінеді. Мақала қазақ әдебиетінің бүкілодақтық аренаға шығуы туралы Нұрмахановтың үнемі айтатын өміршең тұжырымымен аяқталады. «Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар» повесі – соғыстан кейінгі қазақ балалар әдебиетінің елеулі табысы. Оны балалар ғана емес, ересектер де үлкен қызығушылықпен оқиды. Әрине, бұл шығарма бүкілодақтық оқырманның меншігіне айналуы керек» (Нұрмаханов, 1963: 3). Қазақстандағы

балалар әдебиетінің қол жеткізген белгілі бір жетістіктерін айта келе, сыншы өзі айтпай қала алмайтын бұл саланың кемшіліктері туралы да күйіне жазады, өйткені авторлардың жасөспірім оқырман алдында үлкен жауапкершілігі бар. «Балаларға кітап жазу – үлкен жауапкершілікті іс. Маңызды, танымдық және тәрбиелік оқу материалдарын балалар үшін қызықты, қол жетімді түрде, үйлесімді, айқын және дұрыс стильде жеткізе білу – балалар әдебиетіне қойылатын басты талап. Жақсы балалар кітабын жасау үшін жазушы шығармашылық күш-жігерін ширықтырып, жинақтауы керек.»

Егер жаман өлең немесе түссіз әңгіме жақсы балалар кітабында кенеттен пайда болса, кітап өз мәнін жоғалтады, бала оқуды тоқтата алады» (Нұрмаханов, 1963: 5). Сыншының пікірінше, дәл осындай жас оқырмандардың ойы мен жүрегіне ештеңе айтпайтын өлеңдер республиканың жетекші ақындары А. Тәжібаевтың, А.Тоқмағамбетовтің, Т. Жароковтың, Д. Әбілевтің және басқалардың кітаптарында жарияланып кеткен. «1949 жылы – деп қынжыла жазады Қ. Нұрмаханов, – Қазақ оқу-педагогикалық баспасы А. Тәжібаевтың «Жүрегімнің түбінен» атты өлеңдер жинағын шығарды, бұл кітап ескіріп те үлгерді. Бұл өлеңдердің негізгі аудиториясы – ересектер сияқты десек қателеспейміз. Бұл жасөспірім оқырмандар үшін танымдық мәні бар балалар үшін жазылған өлеңдер емес, «кішкентайлар туралы үлкендерге арналған» мәтіндер.» (Нұрмаханов, 1963: 6). Тіпті республиканың жетекші ақындарының өзі балаларға арналған әдебиеттің ерекшелігі неде екенін елестете алмайды.

Қ. Нұрмаханов қазақ балалар әдебиетіндегі барлық кемшіліктердің түп – тамырын осыдан көреді. Мәселен, Қ. Мұқышевтің осы өлеңмен аттас жинағындағы «Жақанның арманы» атты поэмасына пікір айта отырып, Қ. Нұрмаханов «... өлеңнің авторы ғылыми фантастика жанрының қызықты туындысын жазуды мақсат етсе керек. Ақынның осы жанрдың ерекшелігін білмеуі оны толығымен шығармашылық сәтсіздікке әкелді. Өлеңнің мазмұны төмендегідей: түсінде бала Жақан таңғажайып ұшақты ойлап табады. Оның жалғыз досы қораз осы машинада тұрып, қозғалтқышты іске қосты. Достар Американың Солтүстік полюске барып, Марс планетасына жетті. Марстықтар баланы сый-құрметпен күтіп алады, оның ажырамас досы қораз ұшақты күзетеді. Содан кейін қораз «Марстықтар оны сойып жейді» деп қорқып, айқайлап, Жақанды оятып жіберді. Осындай күлкілі «шатпақтардан»

ақын мынадай «маңызды» тұжырым жасайды: «Мүмкін, ертең Жақандарконструктор болып, жаңа ғаламшарлар ашады». Шығарманың идеялық-көркемдік тұрғыдан жетілмегендігі көрінеді. Адамды алға жылжытпайтын, оған ешқандай пайда келтірмейтін мұндай бос қиял кімге керек? Ол нені тәрбиелейді?» (Нұрмаханов, 1963: 7). Қ. Нұрмаханов талдаған осы шығармалардың барлығында, көріп отырғанымыздай, ұжымнан ажырап қалған адамдар, жалғыз-батырлар әрекет етеді. Ал жасөпірімдерге арналған шығармалар, ең алдымен, балада ұжымшылдық сезімін тәрбиелеуі керек емес пе. Жас оқырмандарға достық пен серіктестік туралы шынайы әрі әсерлі айтатын үлкен туындылар керек. Бірақ қазақ балалар әдебиетіндегі мұндай шығармалар некен-саяқ, бұл біз үшін кешірілмейтін нәрсе. Қ. Нұрмаханов жазушылар арасында достық пен серіктестік тақырыбын бұрмалап, балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын қисық айнадан көрсететіндер бар екенін күйіне отырып жазады.

Қазақ балалар әдебиетінде балаларға Қазақстан туралы, оның халқы және өндірістік орталықтары туралы баяндайтын шығармалар жоқ. Осының бәрі туралы Қ. Нұрмаханов балалар әдебиетіндегі мақалаларында айтады. Қазір біз айтып жүргендей, «бүкілодақтық жаһандану» туралы идеяны қолдай отырып, Қ. Нұрмаханов тым көнерген «материал мен дәстүрлерге қарсы тұру» қажеттігін, олардың қазіргі тарихи контекстке сәйкес келмейтіндігін айтады. Әрі қарай сыншы: «...Жас қаламгер М.Әлімбаевтың балаларға арнаған поэзиясы қарапайымдылығы мен идеялық байлығымен жас оқырмандарды қуантады. Әлімбаев балалармен қамқор тәрбиеші ретінде сөйлеседі, ата-бабалары сыйлаған жарқын болашақты бағалай білуге және қорғауға үйретеді. Өлеңдерде сонымен қатар қазақ шахтерларының балаларының өмірі туралы айтылады. Оларда дерексіз – шартты салыстырулар, ескірген фольклорлық үлгілер жоқ, мұндай әдістер көбінесе кейбір аға буын қазақ ақындарының балаларына арналған шығармаларда кездеседі. М. Әлімбаевтың өлеңдеріндегі бір-бірімен табиғи түрде жақсы үйлесетін лирикалық ширақтық мен жасқа тән құштарлық оқырман үшін қымбат» (Нұрмаханов, 1962: 8).

Қазақ балалар әдебиетінің ең жақсы шығармаларының қатарына Қ. Нұрмаханов С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романын кіргізді, бұл туындының (қысқартылған орыс тіліндегі аудармасы) 1947 жылы Детгиздің Бүкілодақтық

сайысында бірінші сыйлықпен марапатталуы, бүкілодақтық оқырманның жылы қабылдауы сыншы үшін өте маңызды. Қ. Нұрмаханов жұмысының көптігіне қарамастан, жас әдебиеттің өсуіне көп көңіл бөлді. «Талапшылдық күшейсе» атты жас ақындардың шығармашылығын талдаған мақаласында Қ. Нұрмаханов жас жазушы кадрлармен жұмыс жүргізудегі сабақтастық туралы, олардың идеялық және шығармашылық өсуі туралы атап айтады, өйткені оларды «қазақ әдебиетінің жақын болашағы, резерві» деп таниды. Сыншы туған әдебиетінің жаңа талантты шығармашылық күштермен үнемі толығып отыруына алаңдап отырады, онсыз әдебиет ойдағыдай дами алмайды. Атап айтқанда, сыншы «... соғыстан кейінгі кезеңде қазақ жазушыларының қатарын жас дарынды ақындардың үлкен тобы толықтырды. Х. Ерғалиевтің қазақ колхозшыларының еңбектегі ерлігіне арналған «Кең жолда» және «Біздің ауылдан шыққан қыз» атты поэмалары қазақ оқырмандары арасында кең танымал болғандығына» ерекше шабыттанады.

Х. Ерғалиевтің артықшылығы оның таңдаған тақырыптарының өзектілігі мен оның ақындық тәсілдерінің жаңашылдығында ғана емес, сонымен қатар оның ең жақсы өлеңдерінде айтылатын біздің уақыт пен халқымыз жөніндегі қызу да шынайы ақиқатында болып отыр. Х. Ерғалиев өзін қысқа өлеңнің ғана емес, сонымен бірге үлкен поэтикалық өлеңнің де шебері ретінде көрсетті. Ол төрт үлкен поэма жазды, олардың ішіндегі ең жақсысы өз уақытында оқырмандардың оң бағасын алған «Әке мінажаты (сыры)» атты лирикалық поэмасы. «Әке мінажаты» өлеңіне бастан аяқ Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы лирикалық мотивтер тән» (Нұрмаханов, 1962: 12). Поэманың тілін талдай отырып, Қ. Нұрмаханов «оның тілі өте эмоционалды, автордың өз туындысында баяндалған мәселегөзіндік көзқарасын неғұрлым толығырақ көрсету мақсатына бағынады. Тілінің эмоционалдылығы, субъективті – авторлық бояуы көбінесе ақынның оқырман алдында өз атынан сөйлейтіндігімен байланысты. Автор поэманы интонациялық-синтаксистік бейнелермен қанықтыра түседі, бұл бейнелербаяндауды әсерлі етіп, баяндаушының басынан өткерген сезімдерін ерекше түйсінуге оқырманды жетелейді. Оның лирикалық кейіпкері – өмір мен құштарлыққа толы, жарқын әрі бай тұлға, ал оқырман бұл кейіпкердің адамгершілік қасиетіне, кісілік болмысына сенеді» (Нұрмаханов, 1962: 13).

Талқылау нәтижелері

Ерекше эстетикалық түйсігі бар сыншы Қ. Нұрмаханов шығармашылық жастардың дарындылығын бірден таниды және лайықты мақтау сөздерін аяп қалмай, әкелік қамқорлықпен қорғап, қолдайды. Беделді сыншылардың осындай демеуіжаңадан бұр жарып келе жатқан жас талантқа шабыт сыйлап, ол үшін көркем сөз әлеміне кең жол ашады. Қ. Нұрмаханов кеңестік формацияныңреалист сыншысыретінде, ең алдымен, жас қаламгерлер шығармаларының тақырыптарының өзектілігін, жас авторлар өлеңдеріндегі шындықты дұрыс бейнелеу, жалпылау және жинақтай алу қабілеттерін баса көрсетеді.

Алөз заманының көрнекті мәдени қайраткері ретінде ол алдыңғы қатарлы тенденцияларды, тұлғалық, даралық, айрықша қабілеттер бағаланатын келешек, еркін дәуірдің белгілерін баса көрсетіп отырады. «Кейбір жаңа жазып жүрген ақындардың ерекше шығармашылық келбеті бар деп айтуға болады», – деп жазды сыншы. (Нұрмаханов, 1961: 78). Әдеттегідей, Қ. Нұрмаханов – сыншы қатал да талапшыл. Болашақта тәрбиелеуге, қайта қалыптастыруға болатын жастар туралы сөз болғанда да, ол өз көзқарасынан айнымайды: «... көркемдік тұрғыдан кемшіліктер көзге түседі, бұлар көбіне жас ақындардың шығармаларының идеялық мазмұнын көмескілеуге әкеледі. Жас ақындар өз шығармашылығында халық тілінің байлығы мен икемділігінжақсы пайдалана алмайды. Жас ақындарға, олардың ең алдымен, өз халқы үшін еңбектенуі керектігін ескерткен жөн. Демек олардың өлеңі пішіні жағынан қарапайым, мазмұны жағынан терең болуы тиіс. Ақын өз оқырманымен өзі жаңадан ойлап тапқан тілде «ақиқатты» айтып отырған «абыз» секілді емес, нағыз шынайы досы ретінде тілдесуі керек» (Нұрмаханов, 1961: 78). Қ. Нұрмахановтың пікірінше, «Қазіргі жастардың лирикалық жырлары жүріп тұрған, бірақ тілсіз сағатты еске түсіреді. Өйткені олардың көбінде уақытты, дәуір талабын сезіну деген жоқ. Өрісі – университет ауласы, саялы парк, арманы – гүл құшақтап, айлы аспанның жұлдызын санау, өрістері тар-ау тар. Арманы – қысқа да қанатсыз» (Нұрмаханов, 1963:5).

Қ. Нұрмаханов ешқашан ұлттық төлтума қасиетті сақтау жөнінде ешқашан ұмытпайды және әдебиеттің жас буынын осыған жетелейді.

Қорытынды

Сан алуан, тіпті қайшылықты көркемдік көзқарастарға толыәдеби материалдардың ағынына тап болғаноқырман олардың ең бастысын және сәттісін танып, таңдай білуі керек. «Абай жолы», «Қан мен тер» және басқа ұлы шығармаларды дұрыс бағалау үшін көп жылдарға созылды. Қазақ классиктерінің бұл шығармалары жөнінде терең де объективті түсінік қалыптасуы үшін, олардың әдебиеттегі, сол заманның рухани өміріндегі құрметті орнын анықтау үшін сыншылар мен оқырмандардың бірлескен күш-жігері қажет болды, XX ғасырдың 50-60-жылдарындағы сынның негізгі міндеті шығармаларының жоғары көркемдігі, шынайылығы үшін күрес болды. Әдеби сыншы құбылыстардың мәнін жақсы ұғынып, өмірді тануы және зерттеуі керек. Бұл үшін сыни ойлар тарихынан керемет мысалдар да жеткілікті. Өткеннің көрнекті сыншыларықандай да бір шығарма жазылған нақты тарихи жағдайды жан-жақты зерттеу, онда сипатталған құбылыстарға терең бойлау арқылыөздерінің дұрыс пікірлері мен бағасын білдіріп отырды. Талантты қолдауда сыншының ролі зор екені даусыз. Талант – сирек кездесетін күрделі және жұмбақ құбылыс, оны қолдау әрі аялау керек, оны түсінуге әдеби сын көмектесуі керек. Талантты жазылған мәтінді талдау ортанқол мәтінмен жұмыс істеуден әлдеқайда қиын. Жақсы жазатын әдебиетшінің қызметін бағыттай отырып, сыншы автордың аңдаусыз айтылған шала пікірден, әділетсіз сөздерден, жағымсыз жағдайлардан көңілі жараланғыш екендігін, қорғансыз екендігін есте сақтауы керек. Бірақ автордың әлеуметтік тұрғыдан танымал тұлға екенін, оның өзін тәрбиелеген қоғамның, ұлттық мәдениеттің алдындағы жоғары жауапкершілігін де ұмытпағаны абзал. Сондықтан да Қалжан. Нұрмахановқа кейде қатал да ымырасыз болуға тура келді. Дегенмен де бұл өз қаламдастарының жеңісіне қуанып, сәтсіздігіне күйінген, олардың әр қадамын жанына жақын тұтқан аса сезімтал, қамқор сыншы еді.

Әдебиеттер

- Нурмаханов К. Заметки о казахской детской литературе. (Из неопубликованного, 1962).
Нурмаханов К. Отзыв на повесть М. Иманжанова «Первые месяцы». (Из неопубликованного, 1963).
Нурмаханов К. (Из неопубликованного, 1963).
Нурмаханов К. Заботливо и требовательно растить литературную молодежь // Литературные заметки // Сб. критических и литературных статей. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. – 170 с.
Дневник К. Нурмаханова. (Из неопубликованного, 1963).
Нұрмаханов Қ. Ұлы ақын ізімен // Дәстүрлі достық. – Алма-Ата: Жазушы, 1978. – 204 б.
Барт Р. Критика и истина // Избранные работы: Семиотика. Поэтика. – М.: 1984. – 320 с.
Бочаров А.Г. Вопросы литературы и искусства в газете. – Москва: 1979. – 260 с.
Выготский Л.С. Психология искусства. – М., 1968. – 286 с.
Нұрмаханов Қ. Поэмалар туралы ойлар // Жұлдыз. – 1959. – № 1. – 114-122 б.
Нұрмаханов Қ. Сын дәлелді де дәл болсын // Қазақ әдебиеті, 1962. – 17 тамыз.
Нұрмаханов Қ. Аударма саласы жоғары болсын // Жұлдыз. – 1960. – № 7. – 155 б.
Нұрмаханов Қ. Әдебиет – эстетикалық категория // Қазақ әдебиеті. – 1960. – № 4 – 11 наурыз.
Нұрмаханов Қ. Дос лебізі. – Алматы: Жазушы, 1968. – 204 б.

References

- Bart R. (1984). *Historiaeveritate. Selected Works: rodapé. ArtePoetica liber.* [Selected works: Semiotics. Poetics]. Moscow, 320 p. (In Russian)
Bocharov A.G. (1979). *Quaestiones de litteris et arte, in diurna.* [Questions of literature and art in the newspaper. Moscow, 260 p. (In Russian)
Diary Nurmahanova K. (1963). *Nondum editorum.* [From Unpublished]. (In Kazakh)
Nurmahanov K. (1962). *Kazakh natorum litterae de inedita.* [Notes on Kazakh children's literature], de inedita. (In Kazakh)
Nurmahanov K. (1963). *Ad M. Imanzhanova fabula "prima menses"* [Feedback on the story of M. Imanzhanov "The First Months"], de inedita. (In Kazakh)
Nurmahanov K. (1963). *Nondum editorum.* [From Unpublished]. (In Kazakh)
Nurmahanov K. (1961). *Sat. literary discrimine in fit et vasa. Sollicite cura parare literary adolescentia grauis.* [Carefully and demandingly raise literary youth Literary notes Sat. critical and literary articles]. Alma-Ata: Kazgoslitzdat, 170 p. (In Russian)
Nurmahanov Қ. (1978). *July akyn izimen. Dəstyrlı dostyk.* [In the footsteps of the great poet Traditional friendship]. Alma-Ata: Zhazushy, 204 p. (In Kazakh)
Nurmahanov Қ. (1959). *Poemalar tyraly Oylar.* [Thoughts on poems] Zhuldyz, № 1. 114-122 p. (In Kazakh)
Nurmahanov Қ. (1962). *Сың дәлелді де Kazakh әдебиеті дәл болсын.* [Be critical and accurate] 18 augusta. (In Kazakh)
Nurmahanov Қ. (1960). *Aударма Salas zhoғary bolsyң.* [Let the translation industry be high]. Zhuldyz. 7 p. (In Kazakh)
Nurmahanov Қ. (1960). *Әдебиет – estetikalық genus.* [Literature is an aesthetic category] Kazakh әдебиеті, № 4 Aprilis, 11 nauryz. (In Kazakh)
Nurmahanov Қ. (1968). *Doslebizi.* [Friend's greeting]. Almaty: Zhazushy, 204 p. (In Kazakh)
Vygotsky L.S. (1968). *Psychology artis.* [Psychology of art.] M.: 286 p. (In Russian)